# Прокуратура органдарына көліктік қызметті көрсетуге арналған арнайы көлік құралдарының заттай нормаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2022 жылғы 26 қаңтардағы № 187 бұйрығы

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 69-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған прокуратура органдарына көліктік қызметті көрсетуге арналған арнайы көлік құралдарының заттай нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Қаржы департаменті:

1) осы бұйрықтың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры* — *Ғ. Нұрдәулетов*

**"КЕЛІСІЛДІ"**
**Қазақстан Республикасының**
**Қаржы министрі**
**_______________ Е. Жамаубаев**
**"___" ______________ 2021 жыл**

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2022 жылғы 26 қаңтардағы
№ 187 бұйрығына қосымша

# Прокуратура органдарына көліктік қызметті көрсетуге арналған арнайы көлік құралдарының заттай нормалары

| | Арнайы көлік құралдарын пайдалануға құқығы | Заттай нормалардың атауы | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Жеңіл автокөліктер базасында | Жүк автомобильдері мен жолаушылар | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| № р/с | бар құрылымдық бөлімшелердің атауы | | автобустарының шассиінде | Айына 1 а/м жүріс лимиті (км) |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| **Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы** | | | | |
| 1 | Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының Аппараты | Бөлімшенің штат санының 8 бірлігіне бір көлік құралы | | 2100 |
| 2 | Қылмыстық қудалау бөлімшесі | Бөлімшенің штат санының 20 бірлігіне бір көлік құралы | | 2100 |
| 3 | Заңды күшіне енген үкімдердің заңдылығын және олардың орындалуын қадағалау бөлімшесі | Бөлімшенің штат санының 13 бірлігіне бір көлік құралы | | 2100 |
| 4 | Қоғамдық мүдделерді қорғау бөлімшесі | Бөлімшенің штат санының 12 бірлігіне бір көлік құралы | | 2100 |
| 5 | Арнайы прокурорлар бөлімшесі | Бөлімшенің штат санының 7 бірлігіне бір көлік құралы | | 2100 |
| 6 | Кадрларды дамыту бөлімшесі | Бөлімшенің штат санының 10 бірлігіне бір көлік құралы | | 2100 |
| 7 | Стратегиялық дамыту бөлімшесі | Бөлімшенің штат санының 10 бірлігіне бір көлік құралы | | 2100 |
| 8 | Халықаралық ынтымақтастық бөлімшесі | Бөлімшенің штат санының 10 бірлігіне бір көлік құралы | | 2100 |
| 9 | Жедел-іздестіру, қарсы барлау қызметі мен жасырын тергеу әрекеттерінің заңдылығын қадағалау бөлімшесі | Бөлімшенің штат санының 6 бірлігіне бір көлік құралы | | 2100 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 10 | Қаржы бөлімшесі | Бөлімшенің штат санының 6 бірлігіне бір көлік құралы | | 2100 |
| 11 | Норма шығармашылық қызметін үйлестіру бөлімшесі | Бір көлік құралы | | 2100 |
| 12 | Өтініштермен жұмыс және іс жүргізу бөлімшесі | Бөлімшенің штат санының 8 бірлігіне бір көлік құралы | | 2100 |
| 13 | Мемлекеттік құпияларды қорғау бөлімшесі | Бір көлік құралы | | 2100 |
| 14 | Ішкі тергеп-тексеру бөлімшесі | Бөлімшенің штат санының 6 бірлігіне бір көлік құралы | | 2100 |
| 15 | Материалдық-техникалық қамсыздандыру басқармасы | Бір көлік құралы | Орта немесе шағын сыныпты алты жолаушы автобусы; үш аз тонналы жүк автомобилі | 2100 |
| 16 | Шаруашылық басқармасы | Бір көлік құралы | Орта немесе шағын сыныпты бір жолаушы автобусы, бір аз тонналы жүк автомобилі | 2100 |
| 17 | Бас прокуратураның Алматы қаласындағы өкілдігі | Бір көлік құралы | | 2100 |
| 18 | Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет | Бір көлік құралы | Бір аз тонналы жүк автокөлігі | 2000 |
| 19 | Құқық қорғау органдары академиясы | штат санының 35 бірлігіне бір көлік құралы | Орта немесе шағын сыныпты екі жолаушылар автобусы; аз тонналы екі жүк автомобилі | 2100 |
| **Облыстар прокуратуралары және оларға теңестірілген прокуратуралар** | | | | |
| 20 | Қылмыстық қудалау бөлімшесі | Бөлімшенің штат санының 8 бірлігіне бір көлік құралы | | 2100 |
| 21 | Заңды күшіне енген үкімдердің заңдылығын және | | | 2100 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | олардың орындалуын қадағалау бөлімшесі | Бөлімшенің штат санының 8 бірлігіне бір көлік құралы | | |
| 22 | Қоғамдық мүдделерді қорғау бөлімшесі | Бөлімшенің штат санының 8 бірлігіне бір көлік құралы | | 2100 |
| 23 | Арнайы прокурорлар бөлімшесі | Тергеу топтарының басшыларына арналған бір көлік құралы | | 2100 |
| 24 | Қаржы бөлімшесі | Бір көлік құралы | Орта немесе шағын сыныпты бір жолаушылар автобусы | 2100 |
| 25 | Жедел-іздестіру, қарсы барлау қызметі мен жасырын тергеу әрекеттерінің заңдылығын қадағалау бөлімшесі | Бөлімшенің штат санының 8 бірлігіне бір көлік құралы | | 2100 |
| 26 | Ішкі тергеп-тексеру бөлімшесі | Бір көлік құралы | | 2100 |
| 27 | Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің бөлімшесі | Бір көлік құралы | | 2000 |
| **Аудандар (қалалар) және оларға теңестірілген прокуратуралар** | | | | |
| 28 | Аудандар (қалалар) және оларға теңестірілген прокуратуралар | жұмыскерлер саны 35 болған жағдайда, бір көлік құралы | | 2100 |
| 29 | Мамандандырылған табиғат қорғау прокуратурасы | "Өзен-теңіз" сыныпты бір катер | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК